

Қазақстандағы балық шаруашылық зерттеулердің тарихи тәжірибелері



Орындаған: Саликова А.Т
Тексерген: Шарахметов С. Е

Жоспар:

1. Балық шаруашылығы
2. Қазақстан ихтиофаунасын зерттеу тарихы
3. ХІХ-ХХ ғ. Қазақстандағы балық шаруашылығы
4. Қазақстандағы балық шаруашылық зерттеулер
5. Пайдаланған әдебиеттер тізімі


Балық шаруашылығы

Балық шаруашылығы – ауыл шаруашылығының балық аулау, тасымалдау, қорғау және өсірумен, өңдеумен, су өсімдіктерін жинаумен шұғылданатын саласы. Балық шаруашылығы бағалы тұқымдық балықтарды өсіріп, көбейтетін балық питомниктері, тауарлық көл және тоған шаруашылықтары, машина-мелиоративтік станциялары, арнайы оқу орындары, балық сататын фирмалық дүкендері жұмыс істейді. Қазақстанның мыңдаған ірілі-ұсақты көлдері мен өзендері балық шаруашылығы қызмет етеді. Олардың жалпы аумағы 7,5 млн. га шамасында.



Су айдындарының өңірілері:
Каспий теңізі, Балқаш, Алакөл, Зайсан көлдері, Қапшағай, Бөген, Бұқтырма бөгендері, Жайық, Ертіс, Есіл өзендері.

Дүние жүзі бойынша ауланған бекіре балықтарының 90%-ы
Қазақстан балық шаруашылығының үлесіне тиеді.



Қазіргі кезде республикада экологияның нашарлауына байланысты су айдынын қорғау, оларды ұдайы мелиорациялау, кәсіптік балықтардың сапасын жақсарту, балық өсіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл міндет Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына және балық қорғау ұйымдарына жүктелген

Балық шаруашылығы секторлары

- **Коммерциялық сектор** құрамына: жабайы аулау мен өсіру, және сол өнімді сату мақсатымен тасымалдаумен айналысатын жеке тұлғалар мен кәсіпорындар кіреді. Сонымен қатар, жоғарыда аталғанға қоса «теңіз өнімдерінің өнеркәсібі» ретінде аталып, інжу сияқты азық-түлікке жатпайтын заттарды да өндіреді.
- **Дәстүрлі сектор:** байырғы адамдардың дәстүрлеріне байланысты шығаратын өнімдерімен байланысты жеке кәсіпкерлер мен кәсіпорындар жатады.
- **Рекреациялық сектор:** алынған балық өнімдерін сату мақсатымен емес, спорт немесе демалу мақсатында қолданатын жеке кәсіпкерлер мен кәсіпорындар кіреді.



Қазақстан ихтиофаунасын зерттеу тарихы




Қазақстан территориясында орналасқан суқомаларды зерттеудің негізін салған 18 ғ-ң ең ірі натуралистерінің бірі *Петр Симон Паллас* (1741-1811). 1768-1773 ж.ж. ол Петербургтан Забайкальеге дейін саяхат жасап, жол бойы Жайық өзенін, Еділ, Терек, Ертіс, Обь, Енисей өзендерін және Каспий теңізін зерттейді. Неміс тілінде жарияланған 5 томдық еңбегінде «Путешествия по разным провинциям Российского государства»

П.С. Паллас ең бірінші рет Уралда балық аулауды сипаттаған. Осы кітапта кейбір жеке балық түрлері күрделі сипатталады, олардың арасында ең алғаш рет шоқырды сипаттаған

- XIX ғ-ң екінші жартысы мен XX ғ-ң басында Қазақстанның ихтиофаунасын зерттеу қарқынды жүре бастайды. Ол әрине орыс саяхатшылары мен ғалымдарының арқасында жүреді.
- 1853 – 1857 ж.ж. Каспий теңізінде балықтарды және балық аулауды зерттеумен шұғылданған үлкен экспедиция қызмет атқарады. Экспедицияның жетекшісі академик *Карл Бэр* (1792-1876) болады, балық аулау сұрақтарымен *Н.Я. Данилевский* (1822-1885) айналысады.
- Зерттеу нәтижелері көп томдық «Исследования о состоянии рыболовства в России» еңбегіне кіреді. Бұл еңбектің ғылым мәні әлі күнге дейін зор.





Өздерінің зерттеулері арқасында К.Э.Бэр және Н.Я.Данилевский балық санының динамикалық теориясының және суқоймалардың биологиялық өнімділігін салған.

Қазақстан ихтиофаунасын тануда келесідей ғалым-саяхатшылардың жинақтары көмектеседі: *Н.А.Северцов (1827-1885), А.П.Федченко (1844-1873).*

- Н.А. Северцов 1857-1879 ж.ж. Қазақстанға және Орта Азияға 7 рет саяхат жасайды: 1857-1858 ж.ж. Сырдария өзенінде болып, балықтардың алғашқы коллекциясын жинайды (17 түр), 1860-1862 ж.ж. Урал бассейні, 1864 ж Шу-Сырдария өзен аралықтарына, 1865-1868 ж.ж. Тянь-Шаньға, 1879 ж Жетісуға саяхат жасайды.




XIX-XX ғ. Қазақстандағы балық шаруашылығы

- XIX ғасыр мен XX ғасыр бас кезі Қазақстанның балық кәсіпшілігінің мағынасы мен мазмұнына көп ықпал етті. Ресей жағалауларын жауып жатқан ашық теңіз бен өзендері мол балық байлығына қарамастан су бассейндерінде балық аулау ісі өте баяу дамыды және XIX ғасырдың 60-жылдары жалпы балық аулау көрсеткішінің тек 5,5 пайызын ғана құрады
- Ал Ресейдің балық кәсіпшілігі орналасқан су қоймаларына қарағанда Каспий теңізінде ауланған балықтың саны жағынан ғана емес, сапасы жағынан да бірінші орын алатын. 1915 жылы В. А. Кевдин: « Қазіргі уақытта балық кәсіпшілігінің басты орталығы Каспий теңізі болып табылады, онда жалпы империяда өндірілген балықтың жартысы немесе жартысынан аса бөлігі ауланады» - деп жазды .



- Каспий теңізі – балықтың мол қорының қоймасы. 1839 жылдары тек Каспий теңізінде 200-ге жуық тұрақты балық аулау кәсіпшілігі болған.
- 1916 жылы жарық көрген «Каспий теңізінің мұқтаждықтары» атты көлемді мақалада Александровск фортында, қазіргі форт-Шевченкода жергілікті қазақтар балықшылары көптеген қайықтарының шоғырланып, балық аулау жұмысының күні-түні жүретіндігін жазады.



Қазақстандағы балық шаруашылық зерттеулер

- Қазақстан ТМД елдерінің арасында ішкі суқоймаларының саны бойынша Ресейден кейін 2-ші орынды иемденеді, 8 балық шаруашылықтық бассейні бар. XX ғасырдың бірінші төртжылдығында республика ихтиофаунасында 100 түр мен түршелер есептелінген. Кейіннен, 1930 жылдары ол есеп үлкен масштабты жерсіндіру жұмыстарының әсерінен өзгерді.


- 1929 жылдан Бүкілодақтық балық шаруашылығы және океанография ғылыми-зерттеу институты Арал қаласындағы ғылыми балықшаруашылықтық станциясы салынды. 1933 жылы осы станцияның филиалы Балқаш қаласында ашылды.
- 1938 жылы Бүкілодақтық балық шаруашылығы және океанография ғылыми-зерттеу институты жүйесінен Бүкілодақтық көл және өзен балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының құрамына енгізілді.





Жерсіндіру бойынша сәтті өткен іс-тәжірибемен қатар сәттсіздеріде болған. Оларға Арал теңізіне басқын балығын (*Mugil*) ал Балқаш және Ілеге - чудского сига, сига-лудогии және еділ сүйрік балықтарын жерсіндірудегі нәтижесіз өткен талпыныстарын жатқызуға болады.

- 1950 жылы Печерска ауданда (Еділ) жасы екі жылдан он жылға дейін 1120 стерлядь (*Acipenser ruthenus*) ауланды. Бірақ балықтардың бекіре паразиттарымен ауруының салдарынан Іле өзеніне жерсіндірі мүмкін болмады.



Сондықтан оларды бекіретәрізділер жоқ Шу және Тентек өзендеріне жіберілді. Алайда, қазіргі уақытта оларды шабақтары туралы ешқандай мәліметтер табылған.

Қайта құру жұмыстарына паразитологиялық зерттеулер ихтиофаунаның ерекше орынын алады. Осы уақытқа дейін В. А. Догеля және оның оқушы (Агапова, Богатова, Гвоздев, Лутта, Петрушевский және Бауер және т. б.) жазған әдебиттерінің арқасында балықтар паразитафаунасының негізгі өзгеру заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Промысловые рыбы СССР- Л. С. Берг, Б. С. Ильин, И. И. Казанова – Москва 1949г
2. Микулин А.Е. Зоогеография рыб. М., 2003
3. Труды Иле-Алатауского национального парка. Вып. 1. Астана, 2015